

Мемлекеттік кәсіпорындардың монопольды жүзеге асыратын қызметтеріне бағаларды реттеу Ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи Монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі 1999 жылғы 25 тамыздағы N 61-ОД Бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 12 қарашадағы N 340-НҚ бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының 2008.11.12 N 340-НҚ бұйрығымен.

Бұйрықтан үзінді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **М ы н а л а р д ы ң :**

1) "Мемлекеттік кәсіпорындардың монопольды жүзеге асыратын қызметтеріне бағаларды реттеу ережесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 930 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 ж., N 32, 494-құжат) Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі Төрағасының 1999 жылғы 25 тамыздағы N 61-НҚ б ұ й р ы ғ ы н ы ң ;

2)

2. *Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа Төраға* **Е.Есенбаев**

"Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығының 26 бабының 3 тармағы негізінде және Президентте болған кәсіпкер форумы Кеңесінің 28.05.99 N 01-9/6 хаттамасы мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 14.06.99 N 6436 тапсырмасының орындалуына орай, бұйырамын:

1. Мемлекеттік кәсіпорындардың монопольды жүзеге асыратын қызметтеріне бағаларды реттеу Ережесі бекітілсін.

2. Монополияға қарсы заңдылықтың сақталуын қадағалау департаменті (А.Нұрабаева) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы Бұйрықтық мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Ұйымдық-кадр бөлімі (Е.Герасимова) осы бұйрықты аумақтық

комитеттерге

жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау төрағаның бірінші орынбасары С.Құрмағалиевке жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының
табиғи монополияларды
реттеу және бәсекелестікті
қорғау жөніндегі агенттігінің
1999 жылғы 25 тамыз N 61-ОД
бұйрығына қосымша

**Мемлекеттік кәсіпорындардың монопольды
жүзеге асыратын қызметтеріне бағаны реттеудің
Ережесі**

Ескерту: барлық мәтін бойынша "уәкілетті" деген сөз "монополияға қарсы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 8-ОД бұйрығымен.

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 1237 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті туралы ережеге сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың монопольды жүзеге асыратын қызметтері мен жұмыстарына (бұдан әрі - қызметтер) бірыңғай есептеу әдіснамасы мен бағаны ұсынуды, қарауды және бекітуді белгілеу мақсатында әзірленді.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 8-ОД бұйрығымен.

2. Монопольды немесе айрықша қызметті жүзеге асырушы мемлекеттік кәсіпорындар рынокта үстем жағдайға ие болған шаруашылық жүргізуші субъектілері (мемлекеттік монополия субъектілерін қоспағанда) Мемлекеттік тізілімге енгізіледі.

Осы Ереженің мақсатына орай мынадай түсініктер қолданылады:
монопольды немесе жүзеге асырушы мемлекеттік кәсіпорын (одан әрі - ұйым) - бұл белгілі бір қызмет түрі бойынша немесе оған мемлекеттік органның аталған қызмет түрін көрсетуге ерекше (айрықша) құқық беруіне байланысты нарықта үстем жағдайға ие болған "мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны бар заңды тұлға.

Құзыретті орган - Ұйымның құрылтайшысы болып табылатын мемлекеттік

о р г а н :

монополияға қарсы орган - бәсекені қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы мемлекеттік орган;

өтінім - монополияға қарсы органға қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бағаларын бекіту жөнінде ресми ұсыныс жасау (өтініш).

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 8-ОД бұйрығымен.

2. Бағаны ұсынудың, қараудың және бекітудің тәртібі мен мерзімі

3. Бағаларды қалыптастыру реттелетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) әрбір түрлері бойынша және өзге қызмет бойынша тұтастай кірістердің, шығыстардың бөлінісі есебінің негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 8-ОД бұйрығымен.

4. Қызметтің бекітілген бағасы тоқсанның бірінші күнінен енгізіледі.

5. Қызметтің жана түрлерінің бағасын бекіту, қызметтің қолданылып жүрген бағасын өзгерту, қызметті ұсыну шарттарын өзгерту қажет болған кезде, сондай-ақ қолданыстағы орнықтырылған баға мерзімінің өтуіне орай Ұйым оны енгізуге 45 күн қалғанға дейін, кешіктірмей монополияға қарсы органға бағаны бекітуге (өзгертуге) өтінім тапсырады. Өтінімде осы Нұсқаулықтың 3-бөлімінде қарастырылған көлемде және шарттарын сақтай отырып, қажетті нормативтік, есептік және басқа материалдар (бұдан әрі - негізделген материалдар) қоса т а п с ы р ы л а д ы .

Өтінімде бағаны қайта қарау негізі және олардың жобаланатын деңгейі кө р с е т і л у г е т и і с т і .

6. Монополияға қарсы орган:

1) Негізге алынатын құжаттар мен есептер өтінімімен бірге Ұйымдар ұсынған талдама негізінде бағалар жобаларына сараптама жасайды;

2) Ұйым үш күндік мерзім ішінде беруге міндетті қосымша материалдарды с ұ р а т у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р ;

3) өтінімдерді қарауға қабылдаудан бас тартуға мынадай жағдайда құқылы:

Ұйымдардың өтінімдерді беру мерзімін бұзуы;

Ұйымдардың осы Нұсқаулықтың 3 бөлімінде қарастырылған құжаттарды б е р м е у і ;

4) баға жобаларын бекіту жөніндегі өтінімді келіп түскен күннен бастап 30 күн ішінде қарау және Ұйымды қабылданған шешім туралы жазбаша х а б а р л а н д ы р у ;

7. Монополияға қарсы орган жаңа баға жобаларының көпшілік тыңдалымын т а ғ а й ы н д а у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Көпшілік тыңдалым жаңа баға енгізілгенге дейін 25 күннен кешіктірілмей ө т к і з і л е д і .

Монополияға қарсы орган көпшілік тыңдалымның тағайындалуы және оны өткізу күні туралы ұйымға хабарлауға міндетті.

8. Ұйымның қызметтеріне жаңа бағаларды бекіту немесе бекітуден бас тарту жөніндегі монополияға қарсы органның шешімі монополияға қарсы орган басшысының бұйрығымен ресімделеді.

9. Жаңа бағаларды бекіту немесе бекітуден бас тарту жөніндегі шешімді монополияға қарсы орган оны енгізгенге дейін 15 күннен кешіктірмей ұйымға ж і б е р у г е т и і с т і .

10. Ұйым алдағы баға өзгерістері туралы, олар іске енгізілгенге дейін 10 күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұтынушыларын х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і .

11. Егер ұйым осы Нұсқаулықта қарастырылған мерзімде жаңа бағаларды енгізу туралы тұтынушыларын хабарламаса, онда аталған бағалар монополияға қарсы органның шешімінде көрсетілген күнде енгізілмейді. Бекітілген бағаны енгізу тоқсан өткен соң жүзеге асырылады.

12. Жаңа құрылған ұйымдар үшін бағалар монополияға қарсы орган белгілеген күннен бастап енгізілуі мүмкін.

Осы тармақта белгіленген Ереже қайта құру жолымен құрылған ұйымдарға қолданылмайды.

3. Баға жобаларын негіздеу үшін монополияға қарсы органға ұсынылатын материалдардың тізімдемесі

13. Монополияға қарсы органға ұсынылатын өтінімде мынадай материалдар б о л у ғ а т и і с т і :

1) Ұйым бланкісіне ілеспе хат;

2) осыған дейін енгізілген жаңа бағаның төрт тоқсаны ішіндегі және өткен күнтізбелік жыл ішіндегі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметіне талдауымен

- бірге бағаны бекітудің қажеттілігі туралы түсіндірме жазба;
бағаның соңғы бекітілген сәтінен бастап әр жылға;
- 3) атаулы парақшасы бар анықтамалық түрінде ресімделген баға жобалары, "Жалпы нұсқаулар" бөлімі және баға кестесі;
- 4) Ұйымның бухгалтерлік балансы;
- 5) қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп;
- 6) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;
- 7) 53-нысаны бойынша өнімді (жұмысты, қызметті) өндірудің және сатудың шығындары туралы есеп;
- 8) еңбек жөніндегі есеп (1-тв нысаны);
- 9) кәсіпорынның өндірістік-қаржы қызметінің негізгі көрсеткіштері (1-ПФ нысанды);
- 10) N 1 нысанға сәйкес баға жобаларын есептеу үшін жиынтық-деректер;
- 11) N 2 нысанға сәйкес қызмет түрлері бойынша шығын құрамының калькуляциясы (қосымшасымен);
- 12) дебиторлық және кредиторлық қарыздарды талдап жазу;
- 13) өзге шығындарды талдап жазу;
- 14) Нұсқаулықтың 4 бөлімінде қарастырылған тәртіппен бекітілген: әрбір өнім өлшеміне жұмсалатын шикізаттың, материалдың, жанармайдың шығын нормалары; сандық норматив; еңбекті көп қажетсінетін қызмет (жұмыс) нормативтері; еңбек ақы мен басшылардың лауазымдық жалақы қорын белгілеу жөніндегі Құзыретті органның шешімі;
- 15) баға жобалары алғаш ұсынылған жағдайда Ұйым Ережесінің (Жарғысының), сондай-ақ қолданылып жүрген Ережесі (Жарғысы) өзгерген кезде мемлекеттік тіркелуі туралы куәлік;

14. Ұсынылған материалдардың нақтылы деректері статистикалық және бухгалтерлік есеп нысанына сәйкес көрсеткіштер негізінде толтырылады.

15. Өтініммен бірге берілген есептер мен негізделген материалдар мынадай талаптарға жауап беруге тиісті:

1) негізделген материалдардың әрбір парағына Ұйым басшысы, ал қаржы құжаттарына - басшылар мен бас бухгалтер қол қояды.

2) негізделген материал ретінде жаңа бағаларды енгізуге мұрындық болған төрт тоқсан үшін және өткен күнтізбелік жыл үшін нақтылы деректер беріледі;

3) қызметтер көлемін төмендету кезінде төмендетуге негізделген және растайтын материалдар берілуге тиісті.

16. Монополияға қарсы орган негіз болған материалдарға сараптама жүргізу үшін Құзыретті органды, тәуелсіз сарапшыларды, мемлекеттік органдарды, қоғамдық бірлестіктерді тартуға құқылы.

4. Ұйымның қызмет бағасына қосылатын шығындарды есептеудің тәртібі

17. Ұйымның монопольды немесе айрықша жүзеге асыратын қызметтеріне бағаны қалыптастырған кезде оның негізгі қызмет түріне жататын және осы Ережеде көрсетілген шектеулерді ескере отырып, бухгалтерлік есеп Стандартына, салық заңдарына сәйкес шығындар ескеріледі.

Монополияға қарсы органның талабы бойынша ұйым монопольды немесе айрықша қызмет көрсетуге шығынды бөлектеп есептеуді қарастыратын өзінің есептік саясатын онымен келіседі.

18. Бағаға қосылған материалдық шығындар Компетентті органның бекіткен немесе сараптық бағалаудан өткен, шығарылатын өнімнің бір өлшеміне жұмсалатын шикізат, материал, отын, энергия шығынының нормасынан а й қ ы н д а л а д ы .

Шикізат, материал, отын, энергия, жабдықтар сатып алу, аудиторлық, консалтингтік, маркетинг қызметтер мен мердігерлік әдіспен жүргізілетін жөндеу жұмыстары, белгіленген тәртіпке сәйкес өткізілген, тендерлердің нәтижесі бойынша анықталған, тараптық ұйымдар жүзеге асыратын өндірістік сипаттағы басқа да қызмет шығындары бағаға қосылады.

19. Әкімшілік қызметке жатқызылған қызметкерлер санатына еңбекақы төлеу жүйесін, сондай-ақ өндірістік қызметкерлер құрамының нормативін Құзыретті орган және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгілеген тәртіппен анықтайды.

Еңбекақы шығындарын есептеген кезде, нақты құрам ескеріледі, бірақ нормативтен асуға тиісті емес.

20. Еңбекақы төлеу шығындарын, басшылардың, олардың орынбасарларының және бас (аға) бухгалтерлердің қызмет жалақыларының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге көтермелеу ақы жүйелерін Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындар туралы" Заң күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің белгілеген тәртіптеріне сәйкес Құзыретті орган белгілейді.

21. Қазақстан Республикасы Ұлттық Статистика агенттігі жариялаған деректер бойынша бұрын өзгертілген бағалар кезеңіндегі инфляция индексін есептей отырып қолданылып жүрген бағада қабылданған еңбекақы шығындарына қарай есептеп шығарылатын бағаларға өндірісте істейтін адамның еңбекақы шығындары қосылады.

Монополияға қарсы орган қызметтің осы сияқты түрлерімен айналысатын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі қысқарған жағдайда субъектілерге еңбекақы төлеу шығындарының салыстырмалы талдаулары негізінде бағаға қосылған өндіріс адамының еңбекақы шығындарын өзгерту немесе арттырудан бас тарту туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Бәсекелестікті қорғау комитеті төрағасының 2007 жылғы 8 қаңтардағы N 8-ОД бұйрығымен.

22. Монопольді немесе айрықша қызмет (жұмыс) түрлерін көрсетудің еңбекті көп қажет ету нормативтерін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі бекіткен тәртіппен Құзыретті орган бекітеді.

23. Бағаға негізгі заттардың тозу және әдеттегідей, пайдалану мерзіміне біркелкі ақша аудару әдісі бойынша есептелген материалдық емес активтердің өтелім (амортизация) сомасы қосылады.

Бағаға тендерлік негізде тартылатын банк несиесі үшін проценттер қосылады.

Мұнымен қатар банктің ұзақ мерзімдік несиесі үшін проценттер Құзыретті орган бекіткен Ұйымның инвестициялық бағдарламасы шегінде ескеріледі.

Бағаға заңда белгіленген норма шегінде міндетті сақтандыру түрлеріне жұмсалған шығындар қосылады.

24. Кіріс (пайда) деңгейін анықтаған кезде Ұйымды дамыту үшін қажетті қаражаттар есепке алынады.

Бұл арада бағаны бұрын белгілеген кезде қабылданған, есептеуден нақтылы табыс деңгейінің ауытқу себептеріне, сондай-ақ оны бағыттары бойынша пайдалануына талдау жасалады.

25. Өкілдік шығындар, байланыс, мерзімдік баспасөз, қызметтік автокөлік ұстау, ақпарат, консультация және маркетинг қызметтерінің қымбат түрлерінің шығындары монополияға қарсы органның келісімі бойынша Құзыретті орган белгілеген лимит шегіндегі бағаға қосылады.

26. Бағаны қалыптастыру және өзгерту кезінде мынадай шығындар есепке алынбайды :

тауарлы-материалдық құндылықтардың нормативтен тыс ысырабы, бұзылуы және жетіспеуі ;

соттық шығындар, үмітсіз борыштар, айыппұлдар, тұрақсыздық айыптар, өсім ақылар мен шаруашылық келісімдердің шарттарын бұзғаны үшін басқа да санкция түрлері, кірісті жасырғаны (кеміткені), талан-тараж зияндары, жарамсыз өнім ысырабы үшін айыппұл мен өсім ақы;

қызмет көрсететін өндіріс пен шаруашылықтарды ұстау шығындары (үй-жәйді тегін пайдалануға беру, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарының коммуналдық қызмет ақысын төлеу);

денсаулық сақтау объектілерін, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, оқу орындарын ұстау шығындары ;

кәсіпорын қызметкерлеріне тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, бау-бақша үйлерін алуға, үй шаруашылығын жүргізуге берілген несиені (ссуда) жою шығындары ;

бақша бірлестіктерін көріктендіру (жол салу энергия және сумен жабдықтау, жалпы сипаттағы басқа да шығындар), гараж Құрылысын салу шығындары;

өз қызметкерлеріне медициналық көмек көрсету жөнінде денсаулық сақтау органдарымен жасалған шарт бойынша емханалар қызметіне ақы төлеу шығындары ;

сақтандыру төлемдері (өз қызметкерлерінің мүддесі үшін кәсіпорындармен жасалған жеке және мүліктік сақтандыру шарттары бойынша кәсіпорындар төлейтін жарналар) ;

демеушілік көмек көрсетудің барлық түрі; мәдени-ағарту, денсаулық сақтау және спорт шараларын өткізуге арналған шығындар ;

кәсіпорын қызметкерлеріне берілетін жеңілдіктер (тегін немесе арзан баға бойынша тамақтандыру, денсаулық топтарының абонементтерін, секциялардағы, клубтардағы сабақтарды төлеу, емделу, демалыс, саяхат жасау жолдамаларын, газет-журналдарға жаздыру, тіс салдыру және басқа шығындарды төлеу).

27. Ұйым қызметтерінің бағасы теңгемен белгіленеді.

	(млн. теңге)			- барлығы
2)	Салық салуға дейінгі	кіріс	(шығыс)	
		*	*	*
2	Қызмет ұсыну жөніндегі	шығындар		
	(млн. теңге)		- барлығы	
3)	Шикізат және материалдар			
4)	Сатып алынатын бұйымдар, жартылай фабрикалар, қосалқы материалдар			
5)		О т ы н		
6)		Э н е р г и я		
7)	Б а с қ а	ш ы ғ ы н д а р		
8)	Негізгі жабдықтардың тозуы	**		
9)	Материалдық емес активтердің ө т е л і м і	**		
10)	Тараптық ұйымдармен орындалатын өндірістік сипаттағы жұмыс пен қызметті төлеу: оның ішінде: негізгі өндірістік жабдықтарды ж ө н д е у	**		
	күрделі жөндеу	**		
	ағымдағы жөндеу	**		
11)	Б а с қ а	ш ы ғ ы н д а р	**	
12)	Еңбекақы төлеу шығындары		**	
	б а р л ы ғ ы	-	**	
	Заттай түріндегі төлемді қоса еңбекақы төлеу оның ішінде: Өндірістік қызметкерлер Қосалқы қызметкерлер			
13)	Еңбекақы төлемінен аударыстар			
3.	Кезең шығындары	- барлығы		
	(млн. теңге)			
14)	Жалпы және әкімшілік шығындар	**		
	о н ы ң	і ш і н д е		
	Әкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы төлеу			
	С а л ы қ т ы қ	т ө л е м д е р	**	
15)	Тараптық ұйымдардың еңбекақысын			

			т ө л е у	
			о н ы ң	і ш і н д е :
			Коммуналдық	ш а р у а ш ы л ы қ
			Б а й л а н ы с	
			Консультациялық,	а қ п а р а т т ы қ ,
			а у д и т о р л ы қ	
16)	Басқа	шығындар	- барлығы	**
			о н ы ң	і ш і н д е :
			Ж ал г е р л і к	т ө л е м :
			қозғалмайтын	м ү л і к ү ш і н
			к ө л і к	қ ұ р а л д а р ы ү ш і н
17)	Өткізу	жөніндегі	шығындар	**
18)	проценттер	төлеудің	шығындары	**
4.	Барлық	шығындар	(млн. теңге)	
	(2 жол + 3 жол)			
	А н ы қ т а м а р е т і н д е :			
1	Саны	- барлығы	(мың. адам)	
			о н ы ң	і ш і н д е :
			Өндірістік	қ ы з м е т к е р л е р - н о р м а т и в
			б о й ы н ш а	н а қ т ы л ы
			Қосалқы	қ ы з м е т к е р л е р - н о р м а т и в
			б о й ы н ш а	н а қ т ы л ы
			Әкімшілік	қ ы з м е т к е р л е р
2	Орта	жалақы	(теңгемен)	о н ы ң
				і ш і н д е :
			Өндірістік	қ ы з м е т к е р л е р
			Қосалқы	қ ы з м е т к е р л е р
			Әкімшілік	қ ы з м е т к е р л е р
3	Негізгі	өндірістік	қорлар	м е н
	активтердің	орташа	жылдық	б а л а н с
		құны	(млн. теңге)	
			О н ы ң	і ш і н д е :
			Іске	қ о с ы л м а ғ а н а к т и в т е р д і ң қ ұ н ы
4	Таза	айналымдық	капитал	
5		Дебиторлық	қарыз	
6		Кредиторлық	қарыз	

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Реттелетін қызметтерді көрсетуге байланысты шығындар

! Тоқсанға бағаны есептеу ! Тоқсанға бағаны
! үшін кәсіпорын жобалайтын ! есептеу үшін
! көрсеткіштер ! монополияға қарсы
! ! орган қабылдады

5 ! 6 ! 7

Е с к е р т у :

*) 3, 4, 5 бағаналар барлық жол бойынша тиісті кезеңнің 5-з
нысандарында нақтылы шығындар за шығындар көрсеткіштері толтырылады;

**) осы баптарға енгізілген шығындарды көрсетілген жолдар
бойынша толық талдап жазу ұсынылады.

***) 5, 6, 7 бағаналардың 2) жолы кәсіпорынды дамыту үшін
қажетті қаражат ескерілген есеппен расталады.

Б а с ш ы

Бас бухгалтер

1 Баға нысаны

кәсіпорын атауы

№ 2 Нысан

К а л ь к у л ь а ц и я

(қызметтің, жұмыстың атаулары)

Қолданыстағы баға _____ теңге _____ тиын

Бекітілген күні _____ 199__ ж.

Калькуляциялық бірлігі: 1 көрсетілетін қызмет

N ! Шығын баптарының және басқа көрсеткіштердің!Қолданыстағы!Өткен
! атаулары !бағамен !кезең.
! ! қабылданды !дегі
! ! нақтылы
! ! көрсет.
! ! кіштер

1 ! 2 ! 3 ! 4

1 Шикізат және материалдар

2 Сатып алынатын бұйымдар, жартылай фабрикаттар,

		қосалқы	материалдар	
3			Отын	
4			Энергия	
5		Басқа	шығындар	
6	Негізгі	жабдықтардың	тозуы	**
7	Материалдық	емес активтердің	өтелімі	**
8	Тараптық	ұйымдардың	орындайтын	өндірістік
	сипаттағы	жұмыстары	мен қызметтерін	төлеу:
		оның	ішінде:	
	Негізгі	өндірістік	жабдықтарды	жөндеу **
		күрделі	жөндеу	**
		ағымдағы	жөндеу	**
9		Басқа	шығындар	**
10	Еңбекақы	шығындары	барлығы	- **
	Заттай	түріндегі	төлемдерді	қоса еңбекақы
			төлеу	
		оның	ішінде:	
		Өндірістік	қызметкерлер	
		Қосалқы	қызметкерлер	
11	Еңбек	ақыдан	аударымдар	
		Кезең	шығындары-барлығы	
		(млн.	теңге)	
12	Жалпы	және	әкімшілік	шығындары **
		оның	ішінде:	
		Әкімшілік	қызметкерлеріне	
		еңбекақы	төлеу	
		Салық	төлемдері	**
13	Тараптық		ұйымдарға	
		еңбекақы	төлеу	
		оның	ішінде:	
		Коммуналдық		
		шаруашылықтар		
		Байланыс		
		Консультациялық,		
		ақпараттық,	аудиторлық	
14	Басқа	шығындар	- барлығы	**
		оның	ішінде:	
		Жалгерлік	төлем:	**
		жылжымайтын	мүлік	үшін

		к ө л і к	қ ұ р а л д а р ы	
15	Жүзеге асыру	жөніндегі	шығындар	**
16	Проценттерді	төлеудің	шығындары	**
17	Көрсетілетін	қызметтер	бойынша	
		барлық	қызметтер	
18	Кіріс	(табыс)		*
19		Барлығы:		
	Қосымша	құн	салығынсыз	
	қызметтер		бағасы	

Т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы :

Бағаларды есептеу үшін ! Бағаларды есептеу үшін
Ұйымның жоспарлайтын ! монополияға қарсы органмен қабылданды
к ө р с е т к і ш т е р і !

5

!

6

Е с к е р т у :

*) 18 жолдың 5, 6 бағаналары кәсіпорынды дамыту үшін қажетті
қаражатты ескеретін есеппен расталады;

**) осы баптарға қосылған есептеулердің толық жазбаша
талдаулары жасалады.

Б а с ш ы

Бас бухгалтер